

**«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ  
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»  
ЕІГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН  
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

2016 ж. 06 жүргізілді  
БСН 0202 4 000 553  
Алғашқы тіркелген күні 2002 жыл 27.02  
Күелік № 1327-1907-02-115



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
барлық дауыс беретін акцияларына  
иелік ететіндігінің шешімімен  
«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқармасының 2016 жылғы 22  
сәуірдегі шешімі (№ 13/16 хаттама))  
**БЕКІТІЛДІ**

**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»  
акционерлік қоғамының**

**ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ., 2016 жыл

## **1-БАП. ҚМГ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ**

1. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ) Қазақстан Республикасы Президентінің «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысына сәйкес құрылды.

ҚМГ «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» және «Мұнай және газ тасымалдау» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамдарының құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

2. ҚМГ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама деп аталады), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) және ҚМГ корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

3. ҚМГ әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

4. ҚМГ-нің қаржы және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

5. ҚМГ-нің дербес балансы, банктік шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі бар.

6. ҚМГ-нің ҚМГ Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзінің тауарлық белгісі бар және рәмізі, үлгілері, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртаңбалары, фирмалық бланкілер мен басқа да реквизиттері болады.

## **2-БАП. ҚМГ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЗІМІ**

7. ҚМГ атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқаша - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», қысқаша – АО НК «КазМунайГаз»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – joint stock company «National company «KazMunayGas», қысқаша – JSC NC «KazMunayGas».

8. ҚМГ-нің (оның Басқармасының) орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй.

9. ҚМГ қызмет мерзімі – шектеусіз.

### **3-БАП. ҚМГ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРІ**

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚМГ құрылтайшысы болып табылады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі ҚМГ акционерлері болып табылады.

### **4. ҚМГ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

11. Осы Жарғы ҚМГ Құрылтайшы құжаты болып табылады.

12. Барлық мүдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

### **5. ҚМГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ**

13. ҚМГ мақсаты – дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

14. ҚМГ қызметінің нысанасы:

1) мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша республиканың мұнай-газ ресурстарын тиімді және ұтымды игеруді қамтамасыз ету;

3) мұнай және газ ресурстарын пайдалану, ұдайы өндіру және мен одан әрі ұлғайту стратегиясын әзірлеуге қатысу;

4) келісімшарттарға міндетті үлестік қатысу арқылы мұнай-газ операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен келісімшарттарда Заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүдделерді білдіру;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мұнай операцияларын жүргізуге арналған тиісті келісімшарттардың орындалу барысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу;

7) тікелей келіссөздердің негізінде ҚМГ-ға берілген блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;

9) акциялар пакеттері/қатысу үлестері ҚМГ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың көмірсутегілерді барлауды, игеруді, өндіруді, мұнай операцияларын жүргізу қызметтерін, өңдеуді, мұнай-химиясын, сатуды, тасымалдауды, мұнай-газ құбырларын және мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалауды, салуды, пайдалануды жүзеге асыру мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторингі;

10) Заңнамада белгіленген тәртіппен мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

11) кен орындарын игерудің технологиялық мониторингін жүзеге асыру;

12) мұнай мен газды көліктің барлық түрімен тасымалдау бойынша қызмет көрсету;

13) көмірсутегі шикізатын өңдеу, оның өңделген өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда белгіленген тәртіппен сату және маркетингі;

14) көмірсутегі шикізатын тасымалдау жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттердің аумағындағы мұнай-газ құбыры жүйесін (сақтау, тиеу және көліктің басқа да түрлеріне ауыстырып тиеу жөніндегі объектілерді қоса алғанда) жобалауды, қаржыландыруды, салуды, иелік етуді және пайдалануды жүзеге асыру;

15) ҚМГ қызметіне байланысты жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру;

16) Қор тобына кіретін ұйымдарға ақылы, мерзімді және қайтару шарттарында кредиттер (қарыздар беру);

17) белгіленген тәртіппен көмірсутегі шикізатын тасымалдау бойынша Қазақстан Республикасының барлық ішкі және халықаралық жобаларына қатысу;

18) мұнай-газ саласындағы жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;

19) мұнай-газ секторы және мұнай-химия бойынша елдің бағдарламалық құжаттарын әзірлеуге және орындауға қатысу;

20) мұнай-газ өнеркәсібі саласында басшылық пен басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша оның жұмыс органының функцияларын орындау, сондай-ақ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін білдіру және сол мүдделерді қорғау;

21) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған түрлі бағдарламаларды қолдау және қатысу;

22) мұнай-газ және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

23) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

24) мұнай-газ жобаларын дайындау және әзірлеу бойынша консалтингтік және техникалық қызметтер көрсетуді жүзеге асыру;

25) ҚМГ қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін сараптауды жүзеге асыру және бекіту;

26) Заңнамамен тыйым салынбаған және Жарғыда көзделген қызметке технологиялық тұрғыдан байланысты, сондай-ақ Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары бойынша өзге де қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Лицензияның болуын немесе Заңнамада белгіленген тәртіппен алу қажет рұқсаттың өзге де түрін талап ететін қызметтің түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттың өзге де түрін алған соң ғана жүзеге асырылады.

## 6-БАП. ҚМГ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. ҚМГ Заңнамада көзделген барлық құқықтарға ие және барлық міндеттерді көтереді.

16. ҚМГ өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие. ҚМГ өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

17. ҚМГ акционерлері ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда оларға тиесілі акциялар құнының шегінде ҚМГ қызметіне байланысты шығындар тәуекелінде болады.

18. ҚМГ өз мүлкінің шегінде өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

19. ҚМГ мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол секілді Мемлекет те ҚМГ міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

20. ҚМГ өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасап, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алып, сотта талапкер немесе жауапкер болып, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

21. ҚМГ қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа ақпаратты иелену және пайдалану құқығын сатып алып және бере алады.

22. ҚМГ Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ашып, өз мүлкінің есебінен оларға негізгі және айналым құралдарын беріп және Заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың бөлек балансында және тұтастай алғанда ҚМГ-нің балансында да ескеріледі.

23. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметіне басшылық етуді ҚМГ Басқармасының төрағасы тағайындайтын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары ҚМГ берген сенімхаттың негізінде іс-қимыл жасайды.

24. ҚМГ өндірістік қызметті жоспарлауға, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамытуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

25. ҚМГ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында есепшоттар ашуға құқылы.

26. ҚМГ Заңнамаға сәйкес теңгеде және шетел валютасында займдар алуға және пайдалануға құқылы.

27. ҚМГ ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

28. ҚМГ Басқармасының төрағасы ҚМГ Директорлары кеңесімен ҚМГ Басқарма төрағасының шетелдік іссапарларын келіседі және

Директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ Басқармасы мүшелерінің шетелдік іссапарлары туралы хабардар етеді.

29. ҚМГ Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болып және басқа да міндеттерді көтере алады.

## **7-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

30. ҚМГ акционерлері:

1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен ҚМГ-ны басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) егер сұрау салуда өзгеше мерзімдер белгіленбесе, ҚМГ сұрау салуды алған сәтінен бастап он күннен кешіктірмей құпиялы сипаттағы ақпаратты қоса есептегенде, ҚМГ-нің қызметі туралы, оның ішінде үлестес ұйымдар қимасындағы ақпаратты алуға, сондай-ақ Заңнамада немесе Жарғыда белгіленген тәртіппен ҚМГ-нің қаржы есептілігімен танысуға;

4) ҚМГ тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан өзінің ҚМГ-нің бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алуға;

5) Акционерлердің жалпы жиналысына ҚМГ Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;

6) ҚМГ органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) ҚМГ-ға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және белгіленген мерзімдерде дәлелді жауаптар алуға;

8) ҚМГ таратылған кезде мүлкінің бір бөлігіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда Заңда белгіленген тәртіппен ҚМГ акцияларына конвертацияланатын оның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдықты сатып алуға;

10) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа шақыру туралы талап-арызбен жүгінуге;

11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару үшін мәселелерді қосуды ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) Аудиторлық ұйымның өз есебінен ҚМГ аудитін жүргізуді талап етуге;

14) Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық етуге;

15) Заңда көзделген тәртіппен Акционерлердің жалпы жиналысының ҚМГ акциялары санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

31. Акционерлер Заңнамада және Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

32. ҚМГ Акционерлері:

1) Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он күн ішінде тіркеушіге немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлауға;

3) ҚМГ немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

33. ҚМГ және ҚМГ тіркеушісінің осы баптың 32-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамау салдары үшін жауап бермейді.

## **8-БАП. ҚМГ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

34. ҚМГ акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқылы. ҚМГ бағалы қағаздарды шығаруының, орналастыруының, айналымы мен өтеуінің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен айқындалады.

35. ҚМГ тек жай акциялар шығарады.

Жай акция акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығын береді. Сондай-ақ жай акция акционерлерге ҚМГ таза табысы болған жағдайда дивидендтер алуға және Заңнамада белгіленген тәртіппен ҚМГ таратылған кезде қалған оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

36. ҚМГ акцияларын шығару құжаттамалық емес нысанда жүзеге асырылады.

37. ҚМГ өз акцияларын олар мемлекеттік тіркелгеннен кейін жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

38. Заңнамада және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, орналастырылатын акцияларды төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік қызметтің объектілеріне арналған құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге де мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде іс-қимыл жасайтын бағалаушы айқындайтын бағамен жүзеге асырылады.

39. ҚМГ акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді ҚМГ тіркеушісі жүзеге асырады.

40. Егер:

- 1) кепілдікке берілген бағалы қағаздар толық төленсе;
- 2) ҚМГ кепілдігіне берілетін және онда кепілдіктегі акциялардың жалпы саны, ҚМГ сатып алған акциялардан басқа, ҚМГ орналастырылған акцияларының көп дегенде жиырма бес процентін құраса;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысы кепілдікке салу туралы шартты мақұлдаса, ҚМГ өзі орналастырған бағалы қағаздарды кепілдікке қабылдай алады.

## **9-БАП. ДИВИДЕНДТЕР**

41. ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес ҚМГ оған тиесілі акциялар бойынша төлейтін акционерлердің кірісі дивиденд болып табылады.

42. Дивидендтерді төлеу ақшамен, сондай-ақ ҚМГ бағалы қағаздарымен жүргізіледі. Акционерлердің жазбаша келісімі болғанда, мұндай төлем ҚМГ жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ҚМГ акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтерді төлеуге жол беріледі.

43. ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл немесе тоқсан не жартыжылдық қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

44. Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған кезінде белгілеген мерзімде жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төленеді.

45. Акционерлердің жалпы жиналысы бұқаралық ақпарат құралдарында шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны жариялап, ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

46. ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

47. Дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) ҚМГ атауы, орналасқан жері, банк және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің көлемі;
- 4) дивидендтерді төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

48. Акционерлер ҚМГ берешегінің пайда болған мерзіміне қарамастан алмаған дивидендтерін төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күніндегі қайта қаржыландырудың



ресми ставкасының негізінде есептелетін дивидендтер мен өсімақының негізгі сомасы акционерлерге төленеді.

49. Акционерлерге ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) ҚМГ жеке капиталының мөлшері теріс болса немесе ҚМГ жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер ҚМГ Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіз немесе дәрменсіз белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер ҚМГ оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

## **10-БАП. ҚМГ ОРГАНДАРЫ**

50. Мыналар ҚМГ органдары:

1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма;

4) ҚМГ және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қор тобына кіретін ҚМГ компаниялар тобының өзге ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік бақылау саласындағы құжаттарды орындауды және олардың қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган – орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі - Ішкі аудит қызметі) болып табылады.

## **11-БАП. ҚМГ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

51. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

52. ҚМГ жыл сайын қаржылық жыл аяқталған соң бес ай ішінде жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуі тиіс. Аталған мерзім ҚМГ-ның есептік кезеңдегі қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып есептеледі. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ҚМГ Директорлар кеңесі шақырады.

ҚМГ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ-ның кез келген акционерінің бастамасымен шақырылуы мүмкін.

53. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді ҚМГ Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес ҚМГ тіркеушісі, ҚМГ Директорлар кеңесі, тарату жағдайында – ҚМГ-ның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

54. Заңнама бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті шақыру жағдайлары көзделуі мүмкін.

55. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына Заңның 35-бабының/ 2-тармағына сәйкес оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шығаруға Директорлар кеңесі бастама етеді.

56. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығыстарын, Заңмен белгіленген жағдайлардан басқа, ҚМГ өтейді.

57. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа қатысу құқығы бар тұлғалардың барынша үлкен саны жиналысқа қатыса алатындай белгіленуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналыстары ҚМГ Басқармасы орналасқан елді мекенде өткізіледі.

58. Акционерлер алдағы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жиналысты өткізу күніне дейін кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – кемінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарландырылуы тиіс.

59. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру акционерлердің назарына оларға жазбаша хабарландыру жолдау арқылы жеткізіледі.

Осы баптың 58-тармағында белгіленген мерзімдерді санай бастау ҚМГ акционерлеріне Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыруды жолдау күнінен бастап жүргізіледі.

60. ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауын және орналасқан жерін;

2) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтерді;

3) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақыты мен орнын, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақытын, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, қайта өткізілуі тиісті ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақытын;

4) ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күнін;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлердің танысу тәртібін қамтуы тиіс.

61. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу бастапқы (өткізілмеген) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің белгіленген күнінен кейінгі келесі күнінен бастап белгіленуі мүмкін.

62. Қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысының орнында өткізіледі.

63. Қайтадан өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгешеленбеуі тиіс.

64. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын, нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуы тиіс. Күн тәртібінде кең ауқымды тұжырымдарды, «әр түрлі», «өзгелері» және осыған ұқсас анықтамаларды пайдалануға тыйым салынады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін ҚМГ-ның кез келген акционері немесе Директорлар кеңесі, осындай толықтырулар туралы ҚМГ-ның екінші акционері жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарландырылған жағдайда, толықтырылуы мүмкін.

65. Іштей тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде Корпоративтік хатшы күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстар туралы баяндауға міндеті.

66. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыстағы дауыс беруші акциялардың көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

67. Егер өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу үшін ҚМГ-ның екі акционері де (немесе олардың өкілдері) дауыс берсе, олар күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауы кезінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

68. Акционерлердің жалпы жиналысының оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

69. Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар аталмыш мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуы тиіс. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

70. ҚМГ органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, қалауынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) ҚМГ-ға қатысты үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен болған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

71. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне ҚМГ Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселені енгізу жағдайында, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын кандидаттың қандай акционердің өкілі екендігі немесе ол ҚМГ-ның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

72. Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар:

- 1) ҚМГ-ның жылдық қаржылық есептілігін;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке берілген аудиторлық есепті;
- 3) өткен қаржылық жылдағы ҚМГ-ның таза табысын бөлу тәртібі және ҚМГ-ның бір қарапайым акциясына шаққандағы бір жылғы дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын;
- 4) ҚМГ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің арыздары және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты;

5) ҚМГ жылдық есебін;

6) ҚМГ Директорлар кеңесінің ұйғарымы бойынша өзге құжаттарды қамтуы тиіс.

73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар ҚМГ Басқармасының орналасқан орны бойынша ҚМГ акционерлерінің танысуы үшін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін он күннен кешіктірілмей дайын болуы және қолжетімді болуы тиіс, ал ҚМГ-ның кез келген акционерінің сұрауы бойынша – сұрауды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жолдануы тиіс.

74. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңнамаға, ҚМГ-ның Жарғысына және өзге ішкі құжаттарына сәйкес немесе тікелей Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

75. Акционерлердің жалпы жиналысын ашуға дейін акционерлердің өкілдерін тіркеу өткізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттіктерін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Іштей тәртіпте өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатысуы мүмкін, бұл ретте сондай тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс төрағасының рұқсатымен сөз сөйлеуге құқылы.

76. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын анықтайды – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша).

ҚМГ Корпоративтік хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы болып табылады. Корпоративтік хатшы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында сипатталған мәліметтердің толықтығына және дұрыстығына жауап береді.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелерін қаралған соң және олар бойынша шешімдер қабылдаған соң жабық болып жарияланады.

78. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің

дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

79. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдері акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жолданады (таратылады).

80. Сырттай дауыс беру бюллетені:

1) ҚМГ Басқармасының толық атауын және орналасқан жерін;  
2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы ақпаратты;  
3) сырттай дауыс беру бюллетеньдерін тапсырудың түпкілікті күнін;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күнін не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күнін;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;

6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтыса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттарын;

7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасын;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтағандар», «қарсылар», «қалыс қалғандар» сөздерімен сипатталған нұсқаларын;

9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің (бюллетенді толтырудың) тәртібін түсіндіруді қамтуы тиіс.

81. Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беру бюллетені оның басшысымен қол қойылған және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған болуы тиіс.

Акционердің – заңды тұлғаның қолы қойылмаған, сондай-ақ акционердің – заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды санау кезінде акционер бюллетенде анықталғандай дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір мүмкін нұсқасы белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар ескеріледі.

82. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, мынадай жағдайлардан басқа:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда 1 (бір) акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивті дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша 1 (бір) дауыстан беру.

Дауыс беру қорытындылары бойынша ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және оған қол қояды.

Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасап, оған қол қойған соң хаттаманы жасауға негіз болған жасырын және сырттай дауыс беру бюллетеньдері (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіліп, ҚМГ-да сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркеу қажет.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналысын жапқан соң он бес күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

83. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналысты жапқан соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде құрастырылып қол қойылуы тиіс.

84. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты мен орны;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысындағы ҚМГ-ның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) мен хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөзі;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысында қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар кеңесінің таңдалған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

85. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюы тиіс.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға оған қол қоя алмаған жағдайда, хаттамаға оның өкілі оған берілген сенімхат негізінде қол қояды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз іс-әрекет етуге не оның мүдделерін білдіруге құқылы тұлға қол қояды.

86. Осы баптың 85-тармағында көрсетілген тұлғалардың кез келгені хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталмыш тұлға бас тарту себебін жазбаша түрде түсіндіріп, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, оны хаттамаға қоса тіркеу қажет.

87. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу, дауыс беру және хаттамаға қол қою құқығын беретін сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себептерін жазбаша түсіндірулермен бірге тігіледі.

88. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері ҚМГ Басқармасының орналасу орны бойынша сақталуы тиіс және акционерлерге танысу үшін кез келген уақытта ұсынылуы тиіс. Акционерлердің талабы бойынша, оларға Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің көшірмесі беріледі.

89. Егер барлық дауыс беруші акциялар меншік құқығында және (немесе) сенімгерлік басқару құқығында бір акционерге тиесілі болған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заң бойынша және (немесе) қоғамның Жарғысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді сондай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылығы бар акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамайтын және шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуі қажет.

Жоғарыда аталған жағдайда, егер ҚМГ-ның барлық дауыс беруші акциялары меншік құқығында және (немесе) сенімгерлік басқару құқығында тиесілі тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Заң бойынша немесе ҚМГ Жарғысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді заңды тұлғаның органы, лауазымдық тұлғалары немесе, егер Сенімгерлік басқару шартымен өзге көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ Жарғысына сәйкес сондай шешімдерді қабылдауға құқығы бар қызметкерлері қабылдайды.

## **12-БАП. АКЦИОНЕРЛЕР ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ**

90. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) ҚМГ ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) ҚМГ жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе ҚМГ орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) ҚМГ бағалы қағаздарын конвертациялау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ олардың өзгеруін айқындау;
- 7) ҚМГ жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 9) белгіленген тәртіппен ҚМГ қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оған төленетін ақы көлемін белгілеу;
- 10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, олар өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарына өтемақы мөлшері мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;
- 11) Акционерлердің алдағы кезеңдердегі үміттерін бекіту және оларды орындау мониторингі;
- 12) ҚМГ шоғырландырылған және жеке жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 13) есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және ҚМГ бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 14) ҚМГ жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 15) ҚМГ акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 16) жиынтығында ҚМГ-ге тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы ҚМГ-нің өзге де заңды тұлғаларды құруға олардың қызметіне қатысуы не болмаса оның басқа да заңды тұлғалар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 17) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 18) Заңға сәйкес ҚМГ оларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде акциялардың құнын белгілеу әдістемесін және оған өзгерістерді бекіту;



- 19) дивидендтік саясатты бекіту;
- 20) акционерлерге ҚМГ қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;
- 21) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыру үшін алаңдар нормасын айқындау;
- 22) қызметтік іссапарларға жіберілетін ҚМГ қызметкерлері шығыстарының нормативтерін айқындау;
- 23) ҚМГ акционерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарламасының нысанын белгілеу және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 24) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 25) қызметкерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығын берген кезде ҚМГ қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимитін, өкілдік шығыстар лимитін анықтау;
- 26) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу регламентін бекіту;
- 27) олар бойынша шешімдер қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

91. Жарғының 90-тармағының 2), 3), 4) және 18) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санынан білікті көпшілікпен қабылданады.

Өзге де мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері, егер Заңда өзгеше белгіленбесе дауыс беруге қатысатын ҚМГ дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік дауыспен қабылданады.

92. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Жарғының 90-тармағымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне, ҚМГ басқа да органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді беруге жол берілмейді.

93. Акционерлердің жалпы жиналысы ҚМГ ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша ҚҚМГ өзге де органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

### **13-БАП. ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

94. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда ҚМГ қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бапта белгіленген тәртіппен қабылданады.

95. Директорлар кеңесі ҚМГ қызметін жалпы басқаруды жүзеге асыру үшін Акционерлердің жалпы жиналысының алдында жауап береді.

96. Директорлар кеңесі жылдың қорытындылары бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген тәртіпте атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

97. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін атқарған кезеңде сыйақы төленеді және (немесе) олардың ҚМГ Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруға байланысты шығыстары өтеледі. Мұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді. Осындай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

98. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) ҚМГ қызметінің басым бағыттарын анықтау және ҚМГ даму стратегиясын бекіту, сондай-ақ ҚМГ даму стратегиясының іске асырылу мониторингін жүзеге асыру;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы шешім қабылдау;

4) ҚМГ орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;

5) ҚМГ жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту, ҚМГ Акционерлерінің жалпы жиналысының өткен қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібі және ҚМГ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды енгізу;

6) ҚМГ жылдық есебін және орнықты даму саласындағы есебін бекіту;

7) ҚМГ облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) ҚМГ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, Басқарма мүшелерін сайлау (тағайындау), ҚМГ Басқарма төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасын сайлау (тағайындау) және оның өкілеттіктерін мерзімімен бұрын тоқтату;

9) ҚМГ Басқарма төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы мен сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу;

10) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитет мүшелерін сайлау;

11) ҚМГ қызметкерлерінің жалпы санын, орталық аппаратының құрылымын бекіту;

12) Қордың саясатын ескере отырып Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы, сыйлықақы мөлшері мен әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын белгілеу және Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысын бағалау;

13) Ішкі аудит қызметінің жылдың аудиторлық есебін және Ішкі аудит қызметі жұмысының стратегиясын бекіту;

14) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

15) Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттіктері мерзімін айқындау, өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Қордың саясаттарын ескере отырып Корпоративтік хатшыға лауазымдық жалақы мен сыйақы мөлшері мен әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту, оның қызметін бағалау, Корпоративтік хатшы қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдау;

16) ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес ҚМГ Басқармасы төрағасының мен мүшелерінің және өзге де қызметкерлерінің сабақтастығы бағдарламасын бекіту;

17) ҚМГ Директорлар кеңесі хатшылығының және Ішкі аудит қызметінің штат кестесін бекіту;

18) ҚМГ омбудсменін тағайындау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;

19) ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша ҚМГ ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (ҚМГ қызметін ұйымдастыру мақсатында ҚМГ Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде ҚМГ аукциондарды жүргізу және бағалы қағаздарға қол қою шарты мен тәртібін, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлері мен Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақылары схемасын белгілейтін ішкі құжатты бекіту, оларға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу, сондай-ақ Директорлар кеңесі қабылдаған құжаттардың күші жойылды деп тану;

20) филиалдар мен өкілдіктерді құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай ақ олар туралы ережелерді бекіту;

21) ҚМГ-нің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ірі мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау. Нәтижесінде құны 20 (жиырма) миллиард теңгеден асатын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы ірі мәміле деп танылады;

22) ҚМГ-нің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасауы туралы шешім қабылдау;

23) ҚМГ міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінен он және одан да артық процентті құрайтын шамаға ұлғайту;

24) Қор белгілеген тәртіппен ҚМГ шоғырландырылған даму жоспарын бекіту, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

25) ҚМГ қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесін және мақсатты мандерін бекіту;

26) жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекіту;

27) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

28) Директорлар кеңесін жыл сайын бағалау тәртібін бекіту;

29) ҚМГ Басқармасының басшысы және мүшелері, ҚМГ Ішкі аудит қызметінің басшысы үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мандерін бекіту, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қойылған мақсаттарын бекіту;

30) заңды тұлғаларды құру туралы (заңды тұлғаларды құруға қатысу туралы) шешім қабылдау;

31) өз құзыреті шеңберінде басқа заңды тұлғалардың бес және одан да көп процент акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;

32) ҚМГ-нің басқа да заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сенімгерлік басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

33) жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта беру) (заңнамаға сәйкес Құзыретті органмен келісілгеннен кейін), жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына өзгерістер енгізу (заңнамалық актілердегі өзгерістерге немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты келісімшарттардың өзгеруін, тараптардың деректемелерінің өзгеруін және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізуді қоспағанда), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы шарттар (келісімдер) жасасу, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келісімшарттық аумақтарды ҚМГ-ге қайта мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

34) Директорлар кеңесі мүшелерінің ҚМГ қызметі, оның ішінде қаржы қызметі туралы ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

35) ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатын, есеп саясатын және салықтық есеп саясатын бекіту;

36) Тәуекелдерді басқару саласындағы саясатты бекіту;

37) ҚМГ тәуекелдер тіркелімін және картасын бекіту; ҚМГ жалпы тәуекел-аппетитін, ҚМГ әрбір негізгі тәуекеліне қатысты толеранттық

деңгейлерін бекіту және қабылданатын тәуекел деңгейлерін шектеу лимиттерін бекіту;

38) ҚМГ ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің сақталуын қамтамасыз ету және бағалау және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

39) тәуекелдер жөніндегі есепті бекіту;

40) ҚМГ үздіксіз қызметі жоспарын бекіту;

41) мониторинг жүргізу және корпоративтік жанжалдарды реттеуге және өз құзыреті шеберінде мүдделер қақтығысын реттеуге қатысу;

41) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау;

42) Директорлар кеңесіне ҚМГ қаржы көрсеткіштерін талдау және бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржы және басқарушылық есептілікті беру нысандары мен мерзімдерін белгілеу;

43) сыртқы аудиторлардың ішкі бақылауды жақсарту және тәуекелдерді басқару бойынша қорытындыларын және Ішкі аудит қызметі жүргізген тексеру нәтижелерін талдау;

44) ҚМГ тәуекелдерді басқару саласындағы басқа да саясаттарын және тәуекелдерді басқару қағидалары мен рәсімдерін бекіту;

45) өз құзыреті шеңберінде корпоративтік жанжалдарды реттеу және мүдделер қақтығысын реттеу мониторингі және оған қатысу;

46) қызметтік, коммерциялық немесе Заңнамамен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ҚМГ немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтайды;

47) ҚМГ Басқармасы мүшелерінің басқа да ұйымдарда жұмысты қоса атқаруын келісу;

48) өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы үшін әлеуметтік маңызы бар, экономикалық тиімділігі төмен инвестициялық жобаларды іске асыру шарттарын белгілейтін мәмілелерді жасауы туралы шешімдер қабылдау немесе егер мәселе Басқарма құзыретіне кіретін болса, Басқарма шешімдерін мақұлдау;

49) ҚМГ акцияларын төлеуге берілген не болмаса ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтайды;

50) қызметтің акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті ҚМГ тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызметтің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

а) акционерлік қоғамды (бұдан әрі – қоғам) ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

б) қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (бұдан әрі – серіктестік) жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

в) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

г) қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін белгілеу;

д) Қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

е) орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешімдер қабылдау, осындай айырбастау шарттары мен тәртібін белгілеу;

ж) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындаған үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшерін және шарттарын белгілеу;

з) Қор Басқармасы бекітетін тізбеге сәйкес Қор Басқармасымен келісім бойынша дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) барлығы ҚМГ-ге тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату (Қор тобының шеңберінде) және кейіннен белгіленген тәртіппен олармен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

и) жиынтығы қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

к) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

л) серіктестіктің байқау кеңесінің және (немесе) серіктестіктің ревизиялық комиссиясын (ревизорын) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ ревизиялық комиссиясының (ревизордың) есептері мен қорытындыларын бекіту;

м) серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

н) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім;

о) серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын белгілеу;

п) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу туралы шешім;

р) серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім;

а)-ж), и)-р) мәселелері бойынша шешім Директорлар кеңесі бекітетін тізбеге сәйкес қабылданады.

51) ҚМГ мен акцияларына (қатысу үлестеріне) ҚМГ тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғалардың активтерін басқару мәселелерін (оның ішінде, бірақ олармен ғана шектелмей, қайта құрылымдау, қайта

ұйымдастыру, тарату, сатып алу және/немесе иеліктен шығару, сенімгерлік басқаруға беру, ауыртпалық салу/жасау және басқа да мәселелерді) реттейтін құжатты реттеу, сондай-ақ осы құжатты мерзімді негізді қайта қарау;

52) акцияларына (қатысу үлестеріне) ҚМГ тікелей немесе жанама иелік ететін заңды тұлғалардағы лауазымды тұлғаларды тағайындауға қатысты саясатты әзірлеу;

53) ҚМГ және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы оларды атқару біліктілік талаптарды белгілеуді, Директорлар кеңесінің тағайындауды, олардың қызметін келісуді көздейтін басты лауазымдар тізбесін бекіту;

54) ҚМГ корпоративтік басқару тиімділігін бағалау, өз құзыреті шеңберінде ҚМГ тиісті құжаттарына енгізілетін өзгерістерді бекіту, ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау;

55) ҚМГ үлестес тұлғалары тендерлерге (конкурстарға) қатысқан кезде міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін берілетін комфорттық хаттар мен кепілдіктерді есептегенде, ҚМГ міндеттемелерінің мөлшерін (сомасын) айқындау мүмкін болмаған жағдайда үшінші тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ҚМГ-ге жеке құжатпен ресімделетін кепілдікті беру туралы шешім қабылдау;

56) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері ҚМГ-ге тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың осы ұйымдардың жарғыларында белгіленген тәртіппен ірі мәмілелер жасасуын келісу;

57) Қордың корпоративтік стандарттарымен не болмаса Қордың корпоративтік стандарттары мен саясаттарына қарама-қайшы келмейтін Қордың корпоративтік стандарттарымен реттелмеген мәселелер бойынша ҚМГ және акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ-ге тиесілі ұйымдар үшін бірыңғай саясаттар мен стандарттарды бекіту;

58) оларды толық іске асыруды ҚМГ және/немесе дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың құны 20 (жиырма) млрд. теңге шегінен асатын инвестициялар жиынтығын жүзеге асыруын көздейтін инвестициялық жобаларды келісу;

59) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ тиесілі ұйымдардың жер қойнауын пайдалануға арналған құқықтарды сатып алуын және иеліктен шығаруын, сондай-ақ келісімшарттық аумақтарды қайтаруын келісу;

60) Қордың корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есепті бекіту;

61) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер,

оның ішінде ҚМГ Директорлар кеңесі немесе Қор бекіткен құжаттармен ҚМГ Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

99. ҚМГ Директорлар кеңесі:

1) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ-ге тиесілі барлық ұйымдарда тиімді басқаруды, ұзақ мерзімді құнның өсуін және орнықты дамуды қамтамасыз етуі;

2) лауазымды тұлғалар мен Акционерлердің жалпы жиналысы деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде ҚМГ меншігін заңсыз пайдалану және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасаған кезде теріс пайдалануды қадағалап, мүмкіндігінше жоюы;

3) ҚМГ-де корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

100. Тізбесі Жарғының 98-тармағында белгіленген мәселелер ҚМГ Басқармасының шешуіне берілмейді.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

101. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) басқа адамдар (осы Жарғының 102-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады (тағайындалады).

102. Директорлар кеңесінің мүшесі болып ҚМГ акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне өкіл ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным жасалмаған) жеке тұлға сайлауы мүмкін;

103. Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттар Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындауы және ҚМГ ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары және тәжірибесі болуы, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке басының беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі болып табылатын;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының лауазымдық тұлғасы болып табылатын;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе жойылмаған соттылығы бар;

4) белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе мәжбүрлі түрде акцияларын сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін көп дегенде бір жыл бұрын басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (атқарушы органының басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлға сайлана алмайды. Осы талап белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі түрде тарату немесе мәжбүрлі түрде акцияларын сатып



алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

104. Басқарма төрағасынан басқа ҚМГ Басқармасының мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде жеті адамды құрайды. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз проценті тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде сайланған Директорлар кеңесінің қай мүшесі тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

105. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 жылға дейінгі мерзімге сайланады. Акционерлердің жалпы жиналысы жаңа Директорлар кеңесінің құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің құрамына кез келген тұлғаны қатарынан 6 жылдан көп мерзімге сайлау Директорлар кеңесі құрамының сапалық жаңартылуы қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуы тиіс. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам мерзімге сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте тәуелсіз директорды Директорлар кеңесіне сайлау, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіріп, жыл сайын өткізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатуды Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда соңғысының өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

106. Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды (тағайындайды).

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесіне басшылық жасау үшін жауапты болады және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

- 3) ҚМГ Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;
  - 4) отырыстарда хаттама жүргізілуін ұйымдастырады;
  - 5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің арасында сындарлы қарым-қатынастың болуын қамтамасыз етеді;
  - 6) ірі акционерлермен тиімді байланыстың болуын және Акционерлердің жалпы жиналысы көзқарасының жалпы Директорлар кеңесіне жеткізілуін қамтамасыз етеді;
  - 7) ҚМГ даму стратегиясының ірі акционерлермен талқылануын қамтамасыз етеді;
  - 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;
  - 9) Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне лауазымға кірісу бағдарламасының ұсынылуын қамтамасыз етеді;
  - 10) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілей отырып, ҚМГ атынан ҚМГ Басқарма төрағасымен еңбек шартын жасайды. Бұл ретте осы жеке еңбек шартында материалдық ынталандырудың ҚМГ Директорлар кеңесі белгілеген ҚМГ қызметінің негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуіне тікелей тәуелділігі көзделуі тиіс;
  - 11) жыл сайын ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақылары мөлшері мен құрамы туралы хабарлап отырады;
  - 12) Заңнамада, Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.
- Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
107. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе ҚМГ Басқармасының бастамасы бойынша, не:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
  - 2) ҚМГ аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
  - 3) ірі акционердің;
  - 4) Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
108. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы қойылады.
- Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, ҚМГ Басқармасына жүтінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.
- Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе ҚМГ Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар отырыс өткізу күніне дейін кем дегенде жеті күнтізбелік күн бұрын, ал ҚМГ даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспарының мәселелері бойынша – 10 жұмыс күнінен бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылады.

Жасалуында мүдделілік бар ірі мәмілелер және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда мәміле туралы ақпарат мәміле, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалар қатысу үлестерінің сипат мен көлемін, сондай-ақ бағалаушы есебі (Заңның 69-бабы 1-тармағында көзделген жағдайда) туралы мәліметтерді қамту тиіс.

ҚМГ-нің мәмілені жасауына мүдделі тұлғалар жазбаша нысанда Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты белгіленген мерзімдерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жолданатын материалдарға қоса беріледі.

ҚМГ лауазымды тұлғалары болып табылатын ҚМГ мәмілені жасауына мүдделі тұлғалар іштей тәртіппен отырыс өткізген кезде Корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін осы ақпаратты береді.

Көрсетілген мәліметтерді ҚМГ лауазымды тұлғалары болып табылатын ҚМГ мәмілені жасауына мүдделі тұлғалар бюллетендерде тиісті ақпарат көрсету арқылы сырттай тәртіппен отырыс өткізген кезде ұсынылады.

Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаларға Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бірыңғай нысан бойынша берілетін сырттай дауыс беру бюллетеньдері қоса беріледі.

Сырттай дауыс беру бюллетенінде:

- 1) ҚМГ (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер берудің түпкілікті күні;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні не акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер қамтылса, сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты-жөні;
- 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру қамтылуы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеньдері Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілген кезде Корпоративтік хатшы олардың дұрыстығы мен олардың бірдей жасалуын өзінің қолымен растайды.

Іштей отырыс өткізілген кезде Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама Директорлар кеңесі мүшесінің ол отырысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірмені қамтуы тиіс.

109. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивтік аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде әңгімелесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде анықталады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе Корпоративтік хатшыны өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын-ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарламада:

- 1) жасалған күні;
- 2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі жазбаша хабарлама жіберу арқылы білдіретін күн тәртібі;
- 3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты білдірілген ұстанымы;
- 4) қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша берген жазбаша хабарламасы кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептегенде ескеріледі және Директорлар кеңесінің осы мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс бергені туралы жазу жасалатын отырыстың хаттамасына тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Корпоративтік хатшыға беруі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша бұрын жазбаша хабарламаны берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру әдісі қолданылатын

Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

110. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайды және бейнеконференцияны (интерактивтік аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс («телефондық кеңес» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір уақытта сөйлесуі), өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері (олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары болған жағдайда) ескеріле отырып айқындалуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің басқа мүшелері осы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

Осы Жарғының 98-тармағының 1), 5), 6), 8-15), 22-34), 43) 49), 50), 52), 53) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екі бөлігін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың көбі қатысуы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің келесі отырысына ауыстырылады. Осы тармақтың алдыңғы абзацында көрсетілген мәселелер қайта қаралған кезде кворумға және тәуелсіз директорлардың санына талаптар қойылмайды.

111. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада немесе Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан не жазбаша пікірін ұсынған мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе ҚМГ Директорлар кеңесі Заңда немесе Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып, қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.

Егер аталған шешіммен ҚМГ және (немесе) оның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүддесі бұзылса, акционерлер ҚМГ Директорлар кеңесінің Заңда немесе Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылданған шешімін сотта даулауға құқылы.

112. ҚМГ жасалуына мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешім Директорлар кеңесінің оның жасалуына мүдделі емес мүшелерінің жай көпшілік даусымен шешіледі. Егер, тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері осындай мәміленің жасалуына мүдделі болса, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда ҚМГ жасалуына мүдделі болатын мәмілені жасасу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қордың Директорлар кеңесі ҚМГ ірі мәмілелерді және ҚМГ олардың жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасуының өзге тәртібін орната алады.

113. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша оның шешімдері ҚМГ Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер пайдаланылады.

Осы Жарғының 98-тармағының 1), 5), 7), 9-16), 19), 21-26), 30-33), 37-40), 42), 43), 45), 50), 52), 56-58) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша шешімдерді сырттай дауыс беру арқылы қабылдауға болмайды.

Директорлар кеңесінің ең болмағанда бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы бар болған жағдайда мәселе кезекті іштей отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беру бюллетеніне Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы тиіс. Қол қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша нысанда ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы мен төрағасы қол қоюы тиіс және онда:

- 1) ҚМГ (оның Басқармасының) атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімі жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешімді қабылдау үшін кворумның бар болуы/жоқ болуы туралы жазу;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде олардың негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдер қоса беріле отырып, ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

114. Директорлар кеңесінің іштей тәртіппен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен

бастап үш күн ішінде жасалуы және оған Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы қол қоюы және онда:

- 1) ҚМГ Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

6) қабылданған шешімдер;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс бергені туралы жазу (осындай жазбаша хабарлама бар болған жағдайда);

8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер корпоративтік хатшыда сақталады және ҚМГ мұрағатына тапсырылады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оның қолы қойылып және ҚМГ тиісті мөрі басылып куәландырылған хаттама мен шешімнің үзінді көшірмесін беруге міндетті.

115. ҚМГ-де неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадр мен сыйақылар;
- 3) аудит;
- 4) қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау;
- 5) әлеуметтік мәселелер;
- 6) ҚМГ ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақтың екінші бөлігінде аталған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің Комитеттері комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері, құзыреттері және дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. ҚМГ Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары болып тек тәуелсіз директорлар сайлана алады. Қажет болған кезде комитеттер сарапшылар мен консультанттарды тартуы мүмкін.

ҚМГ Басқармасының төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

## 14-БАП. ҚМГ БАСҚАРМАСЫ

116. Ағымдағы қызметке басшылық жасауды ҚМГ Басқармасы жүзеге асырады. ҚМГ Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

ҚМГ Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен ҚМГ басқа да органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған ҚМГ қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен ҚМГ-нің өзге де органдарының, ҚМГ Басқармасы төрағасының құзыретіне жатқызылған мәмілелерден басқа, мәмілелерді ҚМГ жасасуы туралы шешімдер қабылдайды;

2) Қор белгілеген тәртіппен «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қор тобына кіретін заңды тұлғалармен ҚМГ жасалуына мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдайды;

3) ҚМГ міндеттемелерін оның жеке капиталының мөлшерінің он процентіне дейін құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

4) ҚМГ басқа ұйымдарды құруға қатысуы, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде сатып алынған үлестер мен акцияларды иеліктен шығару туралы ұсыныстарды олардың құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына шығарады;

5) ҚМГ басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) бес процентіне дейін сатып алуы немесе иеліктен шығаруы туралы шешім қабылдайды;

6) осы Жарғымен ҚМГ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) ҚМГ тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

7) ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігін дайындауды және алдын ала бекіту үшін ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады;

8) Директорлар кеңесіне ҚМГ филиалдарын, өкілеттіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) филиалдар мен өкілеттіктердің, сондай-ақ еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдардың жұмысын үйлестіреді;

10) Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ орталық аппаратының құрылымын ескере отырып қызметкерлердің жалпы саны шегінде штат кестесін (ҚМГ Директорлар кеңесінің хатшылығы мен Ішкі аудит қызметінің штат кестесінен басқа) бекітеді, сондай-ақ филиалдар мен өкілеттіктердің жалпы санын, құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

11) Қордың саясатын ескере отырып, ҚМГ қызметкерлеріне (ҚМГ Басқармасының мүшелерін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін, Корпоративтік хатшыны қоспағанда) еңбекақы төлеу ережесін,



лауазымдық жалақы сызбаларын және әлеуметтік қолдау көрсету ережелерін бекітеді;

12) ҚМГ барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

13) ҚМГ қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысы бекітетін құжаттар тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;

14) еншілес және тәуелді ұйымдар үшін үлгі құжаттарды бекітеді;

15) ҚМГ ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

16) Қор саясатын ескере отырып, белгіленген тәртіппен ҚМГ демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдайды;

17) ҚМГ акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асырған кезде құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл жасау тәртібін белгілейді;

18) ҚМГ даму стратегиясының, шоғырландырылған даму жоспарының жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;

19) ҚМГ даму стратегиясының, даму жоспарының іске асырылуын жүзеге асырады, олардың орындалуы үшін жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын Директорлар кеңесіне ҚМГ даму стратегиясын және шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы есептерді ұсынады;

20) ҚМГ даму жоспарын (жеке), ҚМГ Бюджетін әзірлеу тәртібін бекітеді және оның орындалуы үшін жауапты болады;

21) ҚМГ дивидендтік саясатына, есепті қаржы жылындағы ҚМГ таза кірісін бөлу тәртібіне, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге және ҚМГ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін анықтауға қатысты ұсынымдар дайындау жөніндегі ұсыныстарды қарайды, мақұлдайды және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынады;

22) ҚМГ-нің басқа да заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он проценттен азын сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

23) өз құзыреті шеңберінде мүдделер қақтығысына және корпоративтік жанжалдарға мониторингті жүзеге асырады және оларды реттеуге қатысады;

24) ҚМГ-де бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, амортизациялау нормаларын белгілейді, бірақ Заңнамада белгіленген шекті нормалардан жоғары емес;

25) Қорға жоспарлы жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін ҚМГ акциялары бойынша дивидендтер мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін береді;

26) ҚМГ қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті дайындауды және алдын ала бекіту үшін ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады;

27) ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік есеп саясатын, ҚМГ есеп саясатын және салықтық есеп саясатының әзірленуін және оның Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылуын қамтамасыз етеді;

28) ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;

29) тәуекел-аппетитінің деңгейін сақтау және ҚМГ-де ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін жауапты болады;

30) Директорлар кеңесін ҚМГ негізгі тәуекелдерінің жай-күйі туралы уақытында хабардар етеді;

31) ҚМГ Директорлар кеңесі, Акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің, ҚМГ жылдық қаржылық есептілігін жүргізуді жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсынымдарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына мониторинг жасауды жүзеге асырады;

32) ҚМГ меншігіне қатысты заңсыз іс-қимылдар туғызатын себептер мен жағдайларды айқындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

33) ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен акционерлерге ҚМГ қызметі туралы ақпаратты ұсынады;

34) ҚМГ қызметкерлерін оқытуға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

35) олар бойынша шешімдер қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі құжаттарды Акционерлердің жалпы жиналысының қарауы үшін дайындайды;

36) қажет болған жағдайда ҚМГ Басқармасы жанындағы бизнес-бағыттар жөніндегі комитеттерді құрады және таратады және олар туралы ережелерді бекітеді;

37) оларды бекіту ҚМГ Директорлар кеңесінің және ҚМГ Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды алдын ала мақұлдау;

38) ҚМГ Басқармасы мүшелерінің басқа да ұйымдарда жұмыстарды қоса атқаруын алдын ала мақұлдайды;

39) ҚМГ қызметінің Заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

40) ҚМГ орталық аппаратының қызметкерлерінің жалпы саны, құрылымы жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

41) ҚМГ еншілес ұйымдарының, тәуелді қоғамдары мен бірлескен кәсіпорындарының бизнес-жоспарларын жасау, бекіту, түзету және мониторингі және ҚМГ даму жоспарын шоғырландыру тәртібін бекітеді;

42) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың жарғысында тиісті құзырет болған жағдайда, осындай ұйымның нәтижесінде құны ҚМГ Басқармасы белгіленген шектен асатын мүлікті ҚМГ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасасуын келіседі.

43) дауыс беретін акциялары немесе қатысу үлестері тікелей немесе жанама ҚМГ-ге тиесілі ұйымдардың жарғысында тиісті құзырет болған жағдайда, ҚМГ мен осындай ұйымның құны ҚМГ Басқармасы белгіленген шектен асатын инвестициялар жиынтығын толық іске асыруды көздейтін инвестициялық жобаларды жүзеге асыруын келіседі. Осындай инвестицияларды төменгі шегін ҚМГ Басқармасы белгілейді.

44) ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын ҚМГ өзге де қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

117. ҚМГ Басқармасы Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және сұрау салу алынған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелері өздеріне жүктелген функцияларды орындаған кезде оларға ҚМГ қызметі туралы, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

118. ҚМГ Басқарма мүшесіне өз даусын өзге тұлғаға, соның ішінде ҚМГ Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

ҚМГ Басқармасының бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын барлық мәселелерді алдын ала ҚМГ басқармасы қарауы және мақұлдауы тиіс.

ҚМГ Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәмілені жасасу кезінде тараптардың ҚМГ Басқармасы белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, ҚМГ осындай шектеулерді бұзып жасасқан мәміленің жарамдығын даулауға құқылы.

119. ҚМГ Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ ҚМГ Басқармасының өзге де өкілеттіктері Директорлар кеңесі бекітетін ҚМГ Басқармасы туралы ережемен айқындалады.

120. ҚМГ акционерлерінің өкілдері және ҚМГ акционерлерінің өкілдері болып табылмайтын ҚМГ қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. ҚМГ Басқармасы мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Басқарма төрағасын қоспағанда, ҚМГ Басқармасы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылғанда және Директорлар кеңесі жаңа Басқарма мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда соңғының өкілеттіктері жалпы Басқарманың өкілеттіктері мерзімімен бірге аяқталады.

ҚМГ Басқармасының мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда қосымша жұмыс істей алады.

ҚМГ Басқармасының төрағасының атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке басымен жүзеге асыратын тұлғаның лауазымында болуға құқығы жоқ.

ҚМГ Басқармасы мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның ҚМГ-мен жасайтын еңбек

шартымен белгіленеді. ҚМГ Басқармасымен ҚМГ атынан жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы не Директорлар кеңесі осыған уәкілеттік берген тұлға қол қояды. ҚМГ Басқармасының басқа мүшелерімен жасалған еңбек шартына ҚМГ Басқармасының төрағасы қол қояды.

121. ҚМГ Басқармасы кемінде 5 (бес) адамнан тұрады.

122. ҚМГ Басқармасының төрағасы және мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. ҚМГ Басқармасы төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктер мерзімі жалпы ҚМГ Басқармасының өкілеттіктер мерзімімен сәйкес келеді.

123. Егер отырысқа ҚМГ Басқармасы мүшелерінің кемінде жартысы, соның ішінде отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша түрде дауыс берген ҚМГ Басқармасының қатыспаған мүшелері қатысса, ол өткізілді деп есептеледі.

ҚМГ Басқармасының мүшесі өзінің ҚМГ Басқармасының отырысына қатыса алмайтындығы туралы ҚМГ Басқармасының төрағасын алдын-ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған ҚМГ Басқарма мүшесі жазбаша хабарлама арқылы ҚМГ Басқармасы отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беруге құқылы.

Көрсетілген жазбаша хабарламаның мазмұны, оны беру және ол берген дауысты есепке алу тәртібі ҚМГ Басқармасы туралы ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

ҚМГ Басқармасының сырттай отырыстарын өткізуге айрықша жағдайларда және ҚМГ Басқармасы төрағасының не дискуссиялық сипатқа ие емес мәселелер бойынша оның міндеттерін атқаратын тұлғаның шешімі бойынша ғана рұқсат беріледі.

ҚМГ Басқармасының ең болмағанда бір мүшесі мәселенің сырттай отырыста қаралуына қарсылық білдірген жағдайда, мәселе кезекті іштей отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

124. ҚМГ Басқармасының шешімдері отырысқа қатысып отырған немесе жазбаша хабарламалар берген ҚМГ Басқармасы мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

ҚМГ Басқармасының шешімі, оған отырысқа қатысқан ҚМГ Басқармасының барлық мүшелері қол қоятын және дауысқа салынған мәселелер, ҚМГ Басқармасы мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, ол бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылған хаттамамен ресімделеді.

125. Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша жедел шешім қабылдау мақсатында ҚМГ Басқармасы жанында Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитеттерді қалыптастыру тәртібі мен жұмысы, сондай-ақ оның сандық құрамы ҚМГ Басқармасы бекітетін ҚМГ ішкі құжатымен белгіленеді.

ҚМГ Басқармасы ҚМГ Басқармасы жанынан өзге де комитеттер (комиссиялар) құруға құқылы.

126. ҚМГ Басқарма төрағасы:

